

Saints) originally written by Farid al-Din Attar, London, 1966. René Guénon. Insights into Islamic Esoterism and Taoism, 1973. Understanding Islam. By Schuon, F., -London Unwin Paperbacks, 1965.

8. Нуртазина Н. Путешествие к мусульманским святым Туркестана : традиция и современность /Туризм и сервис в панораме тысячелетий. Вып.1. -Москва, 2009. - С. 266-286.

9. Нуртазина Н., Қартабаева Е., Касимбекова М. Қазақ мұсылмандық дәстүріндегі әулие-ишандар / Вестник КазНУ им. Аль-Фараби, серия ист., 202, № 1. - С. 149-164.

10. Нуртазина Н.Д. Сопылық және әйел: қазақ дәстүрінде әулие аналарды қастерлеудің рухани бастаулары / Ғасыр данасы-Қожа Ахмет Ясауи» халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясының жинағы. - Түркістан, 2024. Б. 304-311.

11. Тулибаева Ж.М. Агиографические сочинения как источник по истории духовной культуры казахского народа / Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII-XIX вв. -Астана: ЕНУ им. Л. Гумилева, 2006. - С. 181-211.

12. Ясауи Қожа Ахмед. Диуан-и Хикмет. - Қазан, 1901. - 135 б.

13. Троицкая А.Л. *Женский зикр* в старом *Ташкенте* /Сборник Музея антропологии и этнографии, т.7. Л., 1928. С. 173-199. Андреев М. С. Чильтаны в среднеазиатских верованиях. - Ташкент: Изд. Об-ва для изучения Таджикистана, 1927. - 17 с.

14. Панков И.А. Культ авлия' аллах в исламе, его генезис и эволюция / Культ Йусуфа Хамадани в центральноазиатском исламе как социокультурный феномен. Санкт-Петербург, 2018. - 252 с. - С. 38-94

15. Гусева Ю. Н. Ишанизм как суфийская традиция Средней Волги в XX веке: формы, смыслы, значение: Монография/ под ред. О. Н. Сенюткиной; под общ. ред. Д. В. Мухетдинова. - Москва: «Медина», 2013. 214 с.

16. Юнусова А.Б. Ишанизм на Урале: духовная традиция и проблемы возрождения интеллектуального ислама /Расулевские чтения: ислам в истории и современной жизни России. - Челябинск, 2017. - С. 170–180.

17. Necdet Tosun. Bahaeddin Nakşebend: Hayatı, Görüşleri, Tarikatı, İstanbul 2002; 464 s. Necdet Tosun. Ahmed Yesevi, Ankara, Noca Ahmed Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yay. 2015. -312 s.

18. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы. Түркістан: Тұран, 2004. -341 б.

19. Қондыбай С. Тольқ шығармалар жинағы: научное издание. –Т.3. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. - Алматы: Арыс, 2008. -288 б.

20. Саттарұлы С. Абд ул-Жалил баб. (Хорасан ата). Тарихи-құжатты танымдық кітап. - Алматы: РИИЦ-Азия. 2007. - 520 б.

21. Әшімұлы Ш. Өткен әзиз әулиелер. - Қызылорда, 2021. -500 б.

ӘОЖ 83.3

ҚАЗАҚ ДАНАЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ РУХАНИ НЕГІЗДЕРІ

Оқай Алтынгүл

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, докторант,
Астана, Қазақстан

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған құнды мұрасы ұрпақтан -ұрпаққа жалғасқан тәрбиенің қайнар көзі болып табылады. Ұлттық құндылықтарды бүгінгі қоғам дамуына сай жаңғырту, дамыту-мәдени-рухани тұтастықты сақтауды айқындайды. Халқымыздың дәстүрлі көшпелі мәдениетінен бастау алып, тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып, өмірінің бір бөлшегіне айналған салт-дәстүрлерде, фольклорда, даналық ой-толғамдарында және т.б. өмір сүрудің барлық қағидалары бар.

Әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін даналық ойларда халықтың береке-бірлігін арттыратын, тұтастығын нығайтатын, бірегейлігіне ықпал еткен факторлар көрініс тапқан. Бұл жыраулардың жырларында, салт -дәстүрлердің мазмұнында, әдет-ғұрыптарда орын алып, тек моральдық бағдар ғана емес, ұлттың рухани болмысын құрайтын ұлттық құндылықтар болып табылады. Ол ұлттық бірегейліктің өзегін қалыптастыратын дүниетанымдық жүйені құрайтындығымен ерекшеленді.

Халқымыз өмірлік тәжірибесінің нәтижесінде табиғатпен үндестікте өмір сүрудің мәнін түсініп, экологиялық тепе-теңдікті сақтап, сол кезеңнің өмір сүру дағдысын қалыптастырды. Табиғат құбылыстарына қарап алдағы күннің райын болжап, шаруасын қамдап, тұрмыс-тіршілігін үйлестірді, қоршаған ортаның тылсым сырларын білуге талпынды. Өзі өмір сүрген ортаның құпиясын білуге деген ұмтылыс–қазақ халқының дүниетанымын орнықтыруға, ұлттық болмысын ашуға, мәдениетінің қалыптасуына ықпал етті.

Әрбір мәдениет үнемі өзіне рухани іргетасы болатын құрылымдарды іздейді, соны орнықтыруға тырысады. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының да көп ғасырлық тарихында озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі [1, 6 б.]. Өркениет даму барысында сол дәуірдің әлеуметтік-саяси, мәдени және идеологиялық ықпалына сай өз құндылықтарын қалыптастыратыны белгілі. Қазақ халқы тарихи дамуы барысында түркілік мәдениеттің жалғасы болып табылатын рухани құндылықтарын дамытты.

Қазақтың төл мәдениетінің рухани іргетасының қалыптасуы мен дамуына сөз өнерінің айрықша әсер еткенін атап өту қажет. Бұл жыраулар поэзиясында, халық ауыз әдебиетінде, жыр-дастандарда, шежірелер мен аңыз әңгімелерде т.б. кеңінен орын алды.

Жыраулық поэзия–қазақ халқының рухани мұрасын сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген құнды мұра, ұлт руханиятының айнасы. Жыраулар Бұқар жырау, Қазтуған, Асанқайғы, Доспанбет, Шалкиіз, Ақтамберді т.б. мұралары даналық ойлардың басы ғана емес, ескі мен жаңаның тоғысуы деп түсінуіміз қажет. Өздері өмір сүрген дәуірдегі адамдардың мұң-мұқтажын, қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтарды жырлап, ханның кеңесшісі, биге ақылгөй болып, елдің бірлігін, жердің тұтастығын жырлады. Кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырып, болашақтың бағыт-бағдарын айқындап кетті.

Жырау туындылары көңіл пернесін дөп басар әсерлілігімен, кезегенін орып түсер өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігі, асау серпімді қуатымен ерекшеленеді. Жыраулардың ғасырлар көгінен өтіп, біздің дәуірге жеткен шағын көлемді, шымыр толғауларынан көне заман таңбасы – түз тұрғынының дүние танымы, адамдық табиғаты, мінез ерекшеліктері, моральдық, этикалық қағидалары айқын аңғарылады [2, 8-9 бб.]. Бұл жыраулардың көшпелі өмір салтында табиғат пен адам арасындағы байланыс, адам болмысына табиғаттың әсері, ой еркіндігі, мінез-құлық нормаларының қалыптасуын философиялық тұрғыда сипаттайды.

Жыраулар поэзиясы жан-жақтылығымен ерекшеленді. Сол кезеңнің күнделікті өміріне, шаруашылығына қатысты тұрмыстық жырлармен қатар, дін, байлық пен кедейлік, этика, мораль қоғамдық мәселелерді де қамтыды. Адам бойындағы құнды қасиеттер әділдік, отансүйгіштік, ерлік, мейірімділік т.б. адамгершілік нормалар да жыраулардың жырларынан көрініс тапты. Заманның өзгеруіне сай адамдардың санасындағы өзгерістер, ұлттық мүддеге сәйкес келмейтін құндылықтардың орын алуы, руаралық тартыстардың ұлт бірегейлігіне нұқсан келтіруін айқын көрсетті. Ел басқарған хандарға, билерге дат айтып, халықтың мүддесіне қызмет етуді, сахарадағы саяси-әлеуметтік жағдайдың маңыздылығын жан-жақты сипаттады.

Сонымен қатар, жыраулар поэзиясы халқымыздың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін, шешендік өнерін дымтытып, бейнелі тіркестерді кеңінен қолданып, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтті. Бұл өз кезегінде рухани-мәдени құндылықтардың қалыптасуына, поэзия жанрының жаңа мазмұнға ие болуына әсерін тигізді. Адамдардың моральдық ұғымдарын жеке түрде емес, ұжымдық сана деңгейінде қамтуы, біртұтас мағынамен үйлестіре білуі-ұлттың бірлігін сақтаудың зор мүмкіндігі еді.

Қазіргі таңда жыраулар шығармаларының мазмұнынан қазақ халқының өзіне ғана тән ұлттық болмысын, дүниеге көзқарасын, қоғамдық этика негіздерін, тарихи жады мен болашаққа деген сенімді көреміз. Бұл сол шығармалардың құндылығы мен бүгінгі таңдағы өзектілігін айқындайды.

Қазақ халқының даналық ойлары жыраулардан кейін ойшыл ағартушылар А.Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов және т.б. шығармалары арқылы ұрпаққа жетті. Ұлы ақын Абай Құнанбаев жиырма бесінші қара сөзінде: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да–бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады», -деп білім алуға, ғылымның мәнін түсінуге шақырды (3, 45 б.). Өз халқына орыстың тілін үйреніп жақсысын меңгеріп, жаман әдеттерінен қашық бол дей келіп, оның тілін білсең дүниені танып білесің, өзіңе ғана емес халқыңа пайдалы боласың деп, оқу-білімнің мәнін ертеден түсінді. Тіршіліктің маңызы адамның адал еңбегі мен білімде ғана деп пайымдады. Халқын мектеп салып бала оқытуға, отырықшылыққа, егіншілікпен

айналысуға насихаттады. Сол дәуірдегі дүниенің кілті орыс халқының ғылымы мен өнері деп, оны үйрену арқылы батыс мәдениетіне жол ашылатынын білді.

Ұлы ағартушы Абай Құнанбаев көптеген шығармаларында қазақ халқының тұрмысын және кара басының қамын ойлайтын адамдардың надандығын айта келіп, рухани құндылықты жоғары қойды. Ұлттың береке –бірлігі, хандар мен билердің елді адал басқаруы, әділдіктің болуына адамгершілік қасиеттерге ерекше мән берді, ұлттық сананы қалыптастырды.

Адамның адал еңбегі, ар –ождан мәселелері бәрінен жоғары тұруы керек, «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол», - деп көпке ортақ пайдалы болуға шақырды. Халқының қамын ертеден ойлаған дара тұлға қазақ халқының бірлігі бекем болып, ұлт болып ұйысып, мәдениеті мен дәстүрін сақтап, әлемдік өркениеттен өз орнын алуына күш жігерін жұмсады. Жастарды білім–ғылым игеруге, рухани кемелденуге насихаттаған шығармалары бүгінгі таңда да өзекті болып отыр.

Қазақ халқының ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсарин шығармалары қазақ жазба әдебиетін дамытып қана қоймай, ұлттың рухани жаңаруына, бірегейлігіне ықпал еткен құнды дүниелер. Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларына арнап мектеп ашып, қазақ тілінде оқулықтар жазды. Балаларды жастайынан оқуға, білімге құштар болуға үндеп, заман талабына сай дамуына бағыт –бағдар берген тұлғалардың бірі.

«Қазақ хрестоматиясына» кірген өлеңдерінде халық–ағарту идеясын көтерді. «Кел, балалар, оқылық», «Өнер –білім бар жұрттар» өлеңдері осындай мақсатта туған. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде ақын бір жағынан жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, өнер, ғылым–білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы берді [4, 6 б].

Бұл шығармаларында балаларға қазақ тілінде білім беру арқылы өз ұлтының ұлттық құндылықтарын біліп өсуіне, ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындап, халқының тарихы, мәдениетімен танысуға ерекше мән берді. Шығармаларының мазмұны–жастарды оқу–білімге шақырып, дәстүрлі көшпелі мәдениеттен өркениетті өмірге жол бастайтын рухани құндылықтарға толы болды. Жас ұрпақтың ұлттық болмысын жоғалтпай, білім беру, ғылымды меңгеру арқылы табысқа жетуге, халқына пайда тигізуге, адал еңбек етуге насихаттады. Ол білімді адамның жеке басын дамытуға ғана емес, халықтың тұтастығын сақтайтын, қоғамның дамуына ықпал ететін, болашағын айқындайтын күш деп түсіндірді.

Ағартушы педагогтің ашқан мектептері ана тілінде білім беріп, балалардың бойына ұлттық сананың жастайынан сіңуіне мүмкіндік туғызып, бірегейліктің қалыптасуына ықпалын тигізді. Ана тілінде білім беру арқылы тілдің мәртебесін арттырып, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге жол ашты.

Ыбырай Алтынсарин еңбектерінен әдебиеттің өркендеуіне үлес қосып, этикалық құндылықтардың сақталуын, қазақ халқының салт–дәстүрін, болмысын жаңашылдықпен үйлестіргенін көреміз. Әңгімелерінде, өлеңдерінде рухани–адамгершілік қасиеттерді, еңбекқорлықты, табандылықты, адалдықты дәріштеп осы қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіруді мақсат етеді. Қазақ қоғамының болашағын білім–ғылыммен байланыстырады.

Қазақ ойшылдарының ішінде саналы ғұмырын халқының бақытты өмір сүруіне, береке–бірлігінің нығаюына, білімді ұлт болып қалыптасуына арнап сол жолда аянбай еткен қоғам қайраткері, ғалым, аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің орны ерекше.

Ғалымның «Әліпби», «Тіл құралы», «Баяншы», «Әдебиет танытқыш» және т.б. еңбектері қазақ тілі мен әдебиеттануда қайталанбас құнды мұра болса, ал, халықтың ұлттық болмысын сақтауда, тілін дамытуда, тілі арқылы бірегейлігін айқындаудың да құралы болып табылады. Халқын оқу–ағарту ісіне араласуға, жаңаны үйренуге, білім алуға ынталандырған еңбектерінің маңызы зор.

Тіл туралы төмендегідей ой айтады: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы–тіл. Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Тілді сақтау–ұлтты сақтау, тілдің дамуы–халықтың өркендеуі», -деп тілсіз ұлттың өмір сүре алмайтынын, ұлттың болмысы өзінің ана тілінде екенін атап көрсетеді [5, 1 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы–қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, тілдің ұлттық құндылықтарды сақтаудағы маңызын терең түсінген, тілді білім мен мәдениеттің тамыры деп, ерекше мән берген ғалым. Балаларды ана тілінде оқыту мен тәрбиелеу арқылы ұлттың болашағын қалыптастырудың, ғылымды меңгерудің, мәдениетті дамытудың мүмкіндіктерін жан–жақты айқындаған.

Ғалымның еңбектері қазақ тіл білімінің ғылыми жүйесін негіздеп, қазақ тілінің бірнеше салаларын жүйелеп, тіл біліміндегі алғашқы ғылыми терминдерді жасап, тілдің қолданылу мүмкіндіктерін кеңейтті. Сонымен қатар, тіл туралы айтылған ойлары–қазақ тілін дамытуға, сақтауға, жетілдіруге оны ғылым тіліне айналдыруға, ұлтты тәрбиелеуге негіз болды.

Қазақ халқы–кең байтақ еуразиялық кеңістікте ұзақ уақыт бойы үстемдік еткен және егіншілік пен қалалық мәдениеттің тарихына айтарлықтай ықпал еткен көшпелі өркениеттің мұрагері. Осы уақыт аралығында дәстүрлі көшпенді мәдениеттің рухани тәжірибесін жинақтап, сұрыптап, даналық ойлары арқылы ұрпақтар сабақтастығын жалғап, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырды.

Жыраулардың жырлары, ойшыл ғалымдардың іргелі еңбектері арқылы бүгінгі күнге жеткен қазақ даналығын қазіргі ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға орынды қолдану және насихаттау қажет. Ол әр қазақ отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу білім беру бағдарламаларының мазмұнында, орта мектептер мен колледждердің т.б. оқу–тәрбие үдерістерінде қамтылса – ұлт зиялылары арманы жүзеге асар еді.

Даналық ойлардың ерекшелігі–қазақ халқының ойлау жүйесінің көрінісі ғана емес, ұрпақ тәрбиесінің құралына айналып, бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Қорытындылай келе, қазақ халқының даналық ойлары–халықтың өмір қағидаларымен ұштасып жатыр. Жыраулар поэзиясы елдің тұтастығын, бірлігін, отансүйгіштік қасиеттерді жырлап, халықтың рухани тірегіне айналды. Осындай рухани құндылықтарды ағартушы–ғалымдар мен ойшылдар әрі қарай жалғастырып, ұлттық дүниетаным мен бірегейлікке жаңа сипат берді.

Абай Құнанбаев адам мен қоғам арасындағы байланысты қамтып, өзі өмір сүрген заманның қарама–қайшы оқиғаларымен күресіп, адам баласын иман мен ғылымды меңгеруге шақырып, ұлттың таным–түсінігін кеңейтті. Халықты береке–бірлікке бірігуге насихаттап, оның жолдарын да анық көрсетті.

Ыбырай Алтынсарин халықты ағарту ісіне баулып, оқу–білімді үйренудің мәнін түсіндіріп, оқулықтар жазып, өмірдің құндылығын біліммен байланыстырды. Жас ұрпақтың болашағы тек білім игерумен, адал еңбекпен көркейетінін баса айтты. Ал, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен рухани–мәдени құндылықтардың қазақ халқының тілінен бастау алатыны айтылған. Тілдің ұлт үшін маңыздылығына тоқталып, ұлттың болмысы, іргетасы–халықтың тілі деді.

Ұлт зиялыларының қазақ даналығы туралы ойлары ұлттың бірегейлігін қалыптастыруды құрайтын құндылықтар. Олардың қай–қайсысы да қоғам мен адам игілігі, халықтың мәдени–рухани кемелденуі үшін аса маңызды. Сондықтан, даналық ойлар мен ұлттық бірегейліктің рухани негіздері–өткен мен бүгінді жалғайтын, болашаққа жол ашатын құнды мұра болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. -Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013.-375 б.
2. Бес ғасыр жырлайды. -Алматы: «Жазушы», 1989. -382 б.
3. Абай. Қара сөз. -Алматы: «Атамұра», 2020. -197 б.
4. «Көкейімнен кетпейді»: ұлттың ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің тілегі. [Электрондық ресурс]. 29.11.2020 жаңартылды 01.02.2022 <https://sputnik.kz/20201129/ Ybyray-Altynsarin-dereker-15609706.html6>
5. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері–жөн сілтейтін нұсқаулық. [Электрондық ресурс]. 04.09.2022. <https://egemen.kz/article/322240-akhmet-baytursynulynynh-enhbekteri-%E2%80%93dgon-silteytin-nusqaulyq>.

ӘОЖ 1(091)

Рақымжанов Бақытжан Қадырұлы

Философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Астана, Қазақстан

Абайдан кейінгі даналық ойдың көрнекті тұлғасы Шәкәрім Құдайбердіұлы болғаны баршаңызға аян. Шәкәрім шығармашылығының басты ерекшелігінің бірі – қалыптасқан ұғым түсініктер жүйесінде қалып қоймай, қазақ тілінің философиялық лексикасын жаңаша ұғымдармен түрлендіріп, ой көкжиегін кеңейте білгендігінде.

Сондай ұғым, түсініктерге «затшыл ғылым, пәнишлдік», «сау ақыл», «арлы ақыл», «арсыз ақыл», «ноқталы ойды» жатқызуға болады.

Ұсынып отырған ғылыми-танымдық мақаламыздың тақырыбы Шәкәрімнің философиялық лексикасындағы «затшыл ғылым», «пәнишлдік» ұғымдарына арналады.

Өткен ғасыр кеңестік атейстік-ағартушылық идеологиямен білім алып, философияда марксистік көзқарастарға басымдық беретін кейбір адамдар үшін бұл тақырып қисынға қиғаштау